

# Емдік дәрі-дәрмектерді этикалық жылжыту

## ДӘРІГЕРЛЕР ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ДӘРІЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

2017 жыл

Шығарылым 12

2016-2019 жылдағы «Денсаулық» бағдарламасына сәйкес Ұлттық дәрілік саясатты жүзеге асыру емдік дәрі-дәрмектерді тиімді пайдалануды қамтамасыздандыру бойынша мәселелерді жүзеге асыру үшін іс –шаралар жиынтығын әзірлеуді, орындауды және нәтижелілігін қарастырады.

Емдік дәрі-дәрмектерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету негізі дәлелдік медицинаны ары қарай жетілдіру болып табылады.

Сонымен бірге, **барлық қатысушы жақтардың міндеттерін арттыра отырып, емдік дәрі-дәрмектерді жылжытудың этикалық нормалары енгізіледі.**

Емдік дәрі-дәрмектерді және медицина бұйымдарын этикалық жылжыту ережелері субъектілер арасындағы, негізінде келесі құндылықтар сақталатын дұрыс ара-қатынасты қамтамасыз ету мақсатында жасалады:

- тұлғаны сыйлау,
- емделушіге бағдарланған,
- айқындық,
- этикалық нормаларды сақтау және дәлелді клиникалық тиімділікті емдік дәрі-дәрмектерді тиімді қолдануды қамтамасыз ету сияқты құндылықтар сақталған,
- емдік дәрі-дәрмектер айналысы аясында субъектілер мен денсаулық



сақтау субъектілерінің, емделушілер ұйымдарының, емдік дәрі-дәрмектер және медициналық бұйымдарды жылжытудағы ара-қатынасындағы тәртіпті анықтайды.

**Емдік дәрі-дәрмектерді этикалық жылжыту деп нені түсінеміз?**

**Емдік дәрі-дәрмектерді этикалық жылжыту –** әзірлеушіден және (немесе) өндірушіден, **қауіпсіз, тиімді, және сапалы емдік дәрі-дәрмектерді,** медициналық бұйымдарды тұтынушы қолданбай тұрып жылжыту үдерісінде Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау және Еуропалық одақ өлшемдерін ескере отырып іске асырылатын әрекет.

Жылжытудың этикалық өлшемдері емдік дәрі-дәрмектерді жарнамалау тәжірибесінің жалпы қабылданған этникалық нормаларға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

Денсаулық сақтау (дәрігерлер және фармацевттер) жұмысшылары дәрі – дәрмектердің тиісті қолданылуын қамтамасыздандыруда негізгі рөл атқарады. Оларға, дәрігерлік көмекке жауапты адам ретінде емдеудің әртүрлі түрлерін, дәрімен емдеуді қоса алғанда, бағалау қажет, және олардың әрбіреуін әлеуетті пайда мен зияны жағынан қарастыру керек.

Соңғы жылдары денсаулық сақтаудағы және фарминдустрияда жұмыс жасаушылар арасындағы байланыс алаңдаушылық тудырады – жеке алғанда, емдеуді таңдауда әсер етуі мүмкін, индустрияның жарнама құралдары арқылы дәрілерді тағайындау және сату бойынша шешім қабылдауға ықпалы.

Бұл ықпал **дәрілерді жеткіліксіз онтайлы таңдауға, кейбір кезде науқастың денсаулығына зиян келтіруге** әкелуі мүмкін.



ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ  
ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ  
ОРТАЛЫҒЫ

Нарыққа емдік дәрі-дәрмектерді жылжытудағы БДСҰ этикалық өлшемдері, өз бетімен этикалық негізі бар, медициналық-санитарлық жедел-жәрдемге қажеттілікке негізделген.

**Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымы**

Бұл шығарылымда:

БДСҰ этикалық өлшемдері 2

Денсаулық пен коммерциялық мақсат арасындағы қайшылық 3

Дәрі-дәрмектерді жылжыту, дәрігерлік машық және емделушілер сенімі 4

ДЗ тағайындау 5

## Елдердегі фармацевтикалық жарнамалық компанияларды реттеудің ертеден келе жатқан тәжірибелеріне шолу

Фармацевтикалық өнімдерді жылжыту бойынша екі халықаралық стандарт бар:

**Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымы(БДСҰ).** Емдік дәрі-дәрмектерді жылжытуға арналған этикалық өлшемдер;

**Халықаралық фармацевтикалық өндірушілер одағы және қауымдастығы (IFPMA).** Фармацевтикалық маркетинг тәжірибесі кодексі.



International  
Federation of  
Pharmaceutical  
Manufacturers &  
Associations

**БДСҰ өлшемдері** – бұл қоғамдық денсаулықты сақтауға бағытталған күрделі халықаралық кодекс.

Өлшем, өкіметтермен, фармацевтикалық өндіріспен, жылжыту индустриясымен, кәсіби қауымдастық, емшілер және тұтынушылар топтары және бұқаралық ақпараттың қоғамдық құрал жабдықтарымен қолдануға болатын, этикалық қағидаттардың жалпы стандарттарын білдіреді (БДСҰ, 1988 жыл).

**IFPMA кодексі.** Осы тәжірибелік ережелер Жинағы, өкіметпен, реттеуші механизмдермен белгіленген қызмет бабында жоғарылау бойынша толықтырушы ретінде және этикалық маркетингті қамтамасыз етудің ыңғайлырақ механизімі ретінде өздерінің меншікті Кодексін әзірлеу үшін, қосылма елге кіретін, өзінің мүшелік ұйымына негіз/құрал қызметін атқарады (IFPMA, 2015).

Бүкіл әлемдік Денсаулық сақтау Ұйымы (БДСҰ) «емдік дәрі-дәрмектерді таңдау және өте тиімді түрде қолданудағы, өндірушінің заңды коммерциялық мақсаттары және денсаулық сақтаудағы жұмысшылардың және тұрғындардың әлеуметтік, медициналық және экономикалық қажеттілігінің **шарасыз шиеленісуі** мәселелерін сипаттады».

### Медицинада қолданудағы емдік дәрі-дәрмектерді жылжытудағы БДСҰ этикалық өлшемдері.

БДСҰ ДЗ ұтымды пайдалану және олардың бағдарламаларын сапалы қамтамасыз етуді жасауда және нығайтуда



1988 жылы мамырдағы Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ассамблеясының 41-ші сессиясы **нарыққа емдік дәрі-дәрмектерді жылжытудың этикалық өлшемін**

*мақұлдайтын және мемлекетті табандылықпен емдік дәрі -дәрмектерді, оларды тиімді пайдалану жолымен медициналық-санитариялық көмекті жақсартуға әсер ететін, қарар қабылдады .*

мемлекеттер-мүшелерге жәрдемдесу ісінде негізгі рөл атқарады.

**ДЗ нарыққа жылжытудың этикалық өлшемдері** ДЗ аймағындағы ұлттық саясатты іске асырудағы көмектік қосымша әлеуетті фактор болып табылады. БДСҰ-дың қызметтерінің тиімділігінің көрсеткіштерін, мониторинг үдерісін және оқу модулдерін ары қарай әзірлеу этикалық қағидаттарды қолдануға жағдай жасайды.

**Этикалық қағидаттар мақсаттары** ДЗ нарықта жылжыту және емдік дәрі-дәрмектерді тиімді пайдалану жолымен медициналық-санитарлық қызметтерді жақсартуға ықпал жасау.

### Емдік дәрі-дәрмектерді жылжытудың жалпы жағдайлары.

ДЗ нарыққа жылжытудың этикалық қағидаттары медицинаменттерді жарнамалаудың, адалдық және тазалық қағидаттарынан құралатын, дұрыс амалдарының негізін салуға бейім.

Этикалық қағидаттары ДЗ-ды жарнамалау тәжірибесінің жалпы қабылданған нормаға сәйкестінін анықтауы керек.

### БДСҰ этикалық өлшемдерін жылжытудың негізгі қағидаттары:

- қоғамдық денсаулықтың қажеттілігі ұстанымы жағынан келу;
- емдік дәрі дәрмектерін тиімді пайдалану арқылы денсаулықты жақсарту;
- міндетті мемлекеттік реттеу;
- емделушілерді барынша қорғау.

Этикалық өлшемге сәйкес барлық дәрі -дәрмекке жарнамалық хабарлаулар келесідей болуы керек:

- 1) шын,
- 2) дәл,
- 3) ақпараттық,
- 4) дәлелденген,
- 5) заманауи,
- 6) сапалы жасалған.

Оларда, дәріні негізсіз қолдануға алып

келетін немесе тікелей қауіп-қатерге алып келетін, қателесу немесе тікелей пайымдау немесе олқылықтар болмауы керек.

БДСҰ әзірленген жылжытудың этикалық өлшемдері, дәрігерлерді және науқастарды ДЗ туралы қателестіретін мәліметтерден қорғауға арналған, ұлттық құқықтық құжаттарды дайындау негізіне жатуы тиіс (1 сурет)

**Өлшемдерді қолдану аясы:**

1) Этикалық өлшемдер, білім беру, ғылым және техника, заңнама, тұрғындардың ауыру деңгейі, емдік дәстүрлер және денсаулық сақтау жүйесін дамыту аясындағы жағдайларды ескере отырып, саясаттық, экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағдайларына сәйкес өкімет өздерінің ұлттық жүйелер бейімдеуіне болатын этикалық нормалар қағидаттарын дәріптейді.

2) Этикалық өлшемдер рецептуралық және рецептурасыз дәрі-дәрмектерге («дәрігердің рецептіңіз берілетін және өзіндік емдеуге арналған дәрілер»), халық медицинасы құралдарына және ДЗ ретінде жарнамаланатын кез келген басқа өнімдерге қолданылады.

Бұл өлшемдер өкіметпен, фармацевтикалық өндіріспен (дайындаушы фирмалар және жеткізуші фирмалармен), ақпараттық - жарнама мекемелерінде (жарнамалық агенттіктерде; нарықты зерттеуші ұйымдармен, ж.т.б.) қолданылуы мүмкін; ДЗ белгілеумен, берумен, жеткізумен және таратумен байланысты денсаулық сақтау



жұмыскерлерімен, университеттерде және басқа оқу орындарында, кәсіби қауымдастықтарда, емделушілер мен тұтынушылармен, арнайы және бұқаралық ақпарат құралдарымен (медициналық шығарылымдарды қоса алғанда) қолданылуы мүмкін.

Этикалық өлшемдер ДЗ нарыққа жылжытуға қатысы бар барлық аймақтар қызметінде этикалық нормалар жинағын дайындауда есепке алынуы ұсынылады.

Бұл өлшемдер құқықтық міндеттеме болып табылмайды; осы өлшемдер ойға қонымды болғанда, өкімет заңнама немесе басқа құқықтық актілерді оларға негіздеп қабылдауы мүмкін. Басқа ұйымдарда осы өлшемдерді негізге алып, өзінің ресми емес реттеуші ережелерін қабылдауы мүмкін. Бұл ұйымдар өздерінің қабылдаған ережелерінің орындалуын қадағалауы тиіс.

**Нарыққа жылжыту**

«Нарыққа жылжыту» термині дайындаушы - фирмалар немесе жеткізуші фирмалар ДЗ тағайындауды, жеткізуді, сатып алу және/не қолдануды ынталандыру үшін жасайтын ақпараттық – жарнамалық қызметтерінің барлық түрлерінде қолданылады.

Жылжытуға, фармацевтік компаниялар төмендегі мақсаттарға ұйымдастырған және төлеген кез келген қызмет түрлері кіреді:

- өндіріске ықпал ету,
- сату, тасу,
- дәрілік заттарды тағайындау және қабылдау, оның ішінде ғылыми-ақпараттық және білім алатын - ақпараттық қызмет.

Мысалы, ғылыми-ақпараттық қызметтерге фармацевтикалық компаниялармен конгрестерді, денсаулық сақтау қызметкерлерін, олардың біліктілігін артыру мақсатында оқытуды қаржыландыру кіреді.

Білім алатын - ақпараттық қызмет денсаулық сақтау мамандарының өздерінің дәрі-дәрмектеріне қатысты ара қатынасын, емдеу әдістері немесе өздерінің компаниясы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ	БДСҰ емдік дәрі –дәрмектерді этикалық жылжыту бойынша өлшемдері (1988)		
	Халықаралық фармацевтік өндірушілер құрамасы және қауымдастығы (IFPMA) кәсіби этикасының кодексі	Компания тәртібінің кодексі	Парақорлық туралы заң(Ug Bribery Act) Сыбайлас жемқорлық туралы заң,АҚШ (US FSPA)
ЖЕРГІЛІК	Еуропалық фармацевтік өндірушілер құрамасы және қауымдастығы (EFPLA) этикасының кодексі	Еуропа директивалары	
	Кәсіби этикалық ұлттық кодексі (IFPMA) филиал ретінде енгізілген	Компания тәртібінің ұлттық кодексі	Ұлттық заңдар және нормативтік құқықтық актілер(ҰҚА)

1 сурет. Кәсіби этика аясындағы фармацевтік компаниялардың жұмысының реттеу механизмдері

туралы ақпараттарды таратуды білдіреді. Бұл ретте практикада осы мәселелердің көбі заңмен реттелмейді.

**Нарыққа жылжытуды төмендегілерге сәйкес іске асыру қажет:**

- ◆ денсаулық сақтау аясындағы ұлттық саясатқа;
- ◆ ұлттық заңнамаға;
- ◆ бар болса, ерікті кодекс ережелеріне.

Этикалық емес жылжыту емдік дәрі-дәрмектерді бақылаусыз қолдануға, полипрагмазияға, тағайындау тиімділігінің аз болуына, жеке пайда үшін лоббилендіруге алып келеді. Бұның барлығы өз ретінде қаржылай қаражатты тиімсіз пайдалануға алып келеді, денсаулық сақтау жүйесінің жүйенің беделін және фармацевтік компанияның беделін түсіреді, сонымен қатар адамдардың денсаулығына сөзсіз зиян келтіреді.

**ДЗ төмендегідей жылжытуға рұқсат етілмейді:**

- Қателесуге алып келетін анықтама мазмұны, сонымен қатар тексерілмеген ақпараттар;

- Дәрі-дәрмектерді жөнсіз қолдануға немесе жөнсіз тәуекелге алып келетін ақпарат бөлігін алып тастауға;

- «Қауіпсіз» сөзін **тиісті бақылаудан өткен** ДЗ-ға қатысты қолдану қажет;


- Нарыққа жылжытуды, конъюнктивті форма түсінігінен жүзеге асырылуға болмайды;

**Ғылыми және оқу ағарту қызметін емдік дәрі –дәрмекті нарыққа жылжыту үшін қолдануға болмайды.**

Дәрі-дәрмектерді салыстыруды нақты факты негізінде және дәлелді жасау керек. Ғылыми деректерді ДЗ тағайындаушы тұлғаларға, сонымен қатар оларды алуға құқықты барлық тұлғаларға беру керек.

1994 жылы Бүкілодақтық Денсаулық сақтау Ұйымы дәрілерді тиісті тағайындау бойынша Нұсқаулық жариялады. Бұл баспа жарыққа шықпас бұрын мұқият мақұлданды және әзірленді. Жарияланған соң көп тілге аударылды және кеңінен қолданылды.

**Емдік дәрі-дәрмектердің жылжыуын қалай тану керек және оған қалай қарау керек** -Тәжірибе жүзіндегі Нұсқаулық, дәрілерді жылжытуға және әлемнің басқа көптеген елдерінде тиімді пайдаланудағы оның әсерін жылжытуға мақсатталған, HAI/ВОЗ біріккен



Как распознавать продвижение лекарств и как к нему относиться

Практическое руководство

Первое издание

Рабочий вариант для тестирования на практике и предложений по пересмотру



Совместный проект  
Всемирной Организации Здравоохранения и  
Международной Программы Действий для  
Здравоохранения

Эта книга посвящается памяти Лизы Уоллер-Хайес

проектісінің бөлігі ретінде дайындалды. Бұл ВОЗ және HAI (Халықаралық мемлекеттік ұйым «Денсаулық сақтау аясындағы халықаралық әрекеттер» (Health Action International - HAI) қызметкерлерінің тәжірибесі мен білімі арқасында мүмкін болды.

Бұл нұсқаулықтың бастапқы нұсқасы денсаулық сақтау және фармацевтердің, олардың, дәрі-дәрмек маркетингінің нысаны ретіндегі орталық рөлін қайта ойлауы бойынша, сонымен қатар бұл қалай жылжытудың кендеу мәнмәтініне кірістірілетініне нақты түсінік беру үшін, жұмыскерлерінің мүдделеріне қызмет етудегі бірінші қадам болды.

Бұл Нұсқаулықта емдік дәрі дәрмектерді жылжытуға байланысты, оларды жарнамалық қызметке жақсырақ дайындалуға көмектесетін, олар ұшырайтын ықпал, және ауырулар денсаулығы мүддесінде таңдау жасау үшін дәрілер туралы ақпараттарды талдауға байланысты кең көлемді мәселелер қаралады.

БДСҰ дәрі-дәрмектерін тиімді қолдану қағидаттары, бұл өзекті мәселенің халықаралық көріністе даму тарихы, емдік дәрілерді тиімді пайдалануға қол жеткізу үшін БДСҰ-дың түйінді стратегиясы және осы жолдағы негізгі кедергілер мазмұндалған.

БДСҰ дәрілерді жылжытудағы этикалық өлшемдерді әзірлеу тарихы, сонымен қатар және бұл халықаралық бірегей құжаттың негізгі қағидаттары мен мақсаттары ұсынылған.

Тарихи келешекте, дәрі дәрмектерді тиімді пайдалануға және қоғамдық денсаулықты жақсартуға кедергі келтіретін, үнемі көбейетін кедергілер көрсетілген. Осы басшылықтың мақсаты бұл «жасырын оқу бағдарламасын» анықтауды және сізге алдын-ала фармацевтикалық индустрия өкілдерімен өзара қарым-қатынасты қалай басқару

керектігін ойлануға мүмкіндік беруді және өзіңіздің алдағы кәсіби өміріңізде қолданатын дағдыларыңызды жетілдіруді мақсат етеді. Басшылық фармацевтикалық индустрия дәрі-дәрмектерді пайдалануға, жарнамалық аңдатпаларға, сауда өкілдерінің қызметтеріне, тұрғындарға бағытталған даму технологиясына, этикалық жанжалдарды реттеуге және дәрі-дәрмектер туралы ақпаратты бұрмалауға әсер ету үшін қолданылатын тәсілдерді жарықтандырады.

Қазақстан Республикасындағы дәрі-дәрмектерді дамыту саласын реттейтін негізгі нормативтік құжаттар:

- ҚР «Халықтың денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі (2009 ж.),

- ҚР Кәсіпкерлік кодексі (2015ж.),

- Административный кодекс РК,

- ҚР «Жарнама туралы» Заңы (2003ж.),

- ҚР «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (2015ж.),

- ДЗ, ММБ және МТ жарнаманы жүзеге асыру ережесі (ҚР МЗСР Бұйрығы №105, 2015ж.),

- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы 016-2019 жылдарға.

Осы барлық заңнамалық актілер, негізінде жарнаманы реттеуді, жосықсыз бәсекені, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды және аздап қана медициналық және фармацевтикалық жұмыскерлердің қызметін қозғайды. Бұл аспектіге ҚР «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі» Кодексінің жалпы этикалық сипаттамадан тұратын «Медицина қызметкерлерінің ар-намыс кодексі» деп аталатын тек бір ғана бабы арналған. Бұл салада ҚР заңнамасында айқын шектеулер жоқ.

Денсаулық сақтау қызметкерлері мен дәрігерлерге арналған жарнамалардың барлық түрлерінде мыналар болуы керек:

- патенттелмеген халықаралық атауларымен (international nonproprietary names — INN) белсенді ингредиент (ингредиенттер) немесе дәрі-дәрмектердің бекітілген жалпыға ортақ атауы (атаулары);

- түпнұсқалы атаулар;

- дәрі-дәрмектік пішін құрамындағы белсенді ингредиенттер немесе қолдану тәсілдері;

- жанама әсерлерді тудыратын басқа ингредиенттердің атаулары;

- бекітілген қолдануға нұсқаулықтар;

- дәрі-дәрмектік пішіндер немесе қолдану тәсілдері;

- жанама әсерлер мен негізгі жанама реакциялар;

- қауіпсіздік шаралары, қарсы айғақтар және ескертулер;

- маңызды дәрілік өзара әрекеттестік;

- өндіруші немесе дистрибьютор атауы мен мекен-жайы;

- осы препарат туралы ғылыми әдебиеттерге сілтеме;

### Медицина өкілдері

Фармацевтикалық өнеркәсіпте сауда өкілдерінің болуы қазіргі заманғы медициналық орталықтар мен әлем университеттерінің өміріндегі дерлік ажырамас факт болып табылады.


**Сауда өкілдерін бірінші кезекте компания өнімдерін алға жылжыту үшін жалдайды, сол уақытта денсаулық сақтау мамандарының бірінші міндеті пациент денсаулығына байланысты қызметті ұсыну болып табылады.**

Сауда өкілдері байланыстарын тиімді басқару мүмкін бе белгісіз және сыншылар мұндай тәсілдің орнына қатысудан бас тарту-«айыру» пайдасына өте дәлелді аргументтер ұсынады.

**Дәрігерлер сауда фармацевтика өкілдерімен өзара қарым-қатынаста болу керек пе?**

Бұл сұрақ кәсіби тазалыққа/адалдыққа, сонымен қатар жұмыс уақытын тиімді таратуға шақырады. Эмпирикалық деректер сауда өкілдерімен өзара қарым-қатынас дәрігер өзінің міндеттемелеріне карамастан әрекет ету ықтималдығын арттыратынын көрсетеді.

Дәрігерлер сауда өкілдерінің келуінен кәсіби тазалық/адалдықты сақтау, сонымен қатар уақытын қисынды рационалды тарату үшін бас тартуы қажет (Brody, 2005).



### Сыйлықтарды ұсыну



Сыйлықтарды ұсыну фарминдустриядан «сыйлық» алатын көптеген адамдар бұл заттар (әсіресе олардың бағасы салыстырмалы аз болғанда)

тәжірибеге әсер ететінін олар керісінше екеніне сенімді дәлелдемелер болса да тайсалмай теріске шығарады (Wazana, 2000; Steinman и др., 2001; Dana и Loewenstein, 2003; Katz и др., 2003).



Brennan және әріптестері «**кішкентай сыйлықтар мен толық әшкерелену туралы**

**миф**» (2006) жазды. Олар сонымен қатар «сыйлық» мөлшері емес қарым-қатынастар құру тәртіп нормаларына әсер ететінін куәландыратын социологиялық деректерді жалпыландырды. Сыйлық алатын кез-келген адам төлем және орнына бір нарсе беру қажеттігін сезінетін болады. Бұл **денсаулық индустриясынан сыйлық алатын денсаулық сақтау қызметкерлері үшін қызығушылықтың негізгі қақтығысы**, содан кейін олардан (денсаулық сақтау мамандарын) осындай сыйлықтарды сататын өкіл өнімге біреудің ақшасын жұмсау керек пе жоқ па екенін шешуді сұрайды.

Бұл өз ақшасын оның бір өніміне жұмсауды сұрайтын сатушыдан «сыйлық» алудан үлкен айырмашылығы бар. Тіпті бұл жағдайда да сыйлық алу басқа жағдайда қажетсіз сауда жасауға әкеліп соқтыруы мүмкін (Cialdini, 2000).

Сауда өкілдері ұсынатын кейбір заттар пациенттерге берілуі мүмкін. Пациенттер көптеген жағдайларда олар үшін өздері төлейтін болса, бұл заттарды сатып алмайтын еді. Пациенттер бұл заттар үшін дәрілерді жоғары бағамен алу арқылы төлейтінін есте ұстау маңызды. Егер пациенттерде сыйлықсыз арзан баға тандау

«Өкілдер (фармацевтикалық, сауда өкілдері) жамандыққа жатпайды, бірақ көп уақытты алады және біздің пациенттер қызығушылықтарымен сәйкес келмейді»

Howard Brody, жанұялық дәрігер, профессор (Brody, 2005)

### Тыйым салынады ( 18 бап. Денсаулық сақтау саласындағы Жарнама, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі

1	дәрілік заттар жарнамасы, медициналық бұйымдар және медициналық техникалар, тағамға биологиялық белсенді қоспалар, Қазақстан Республикасында тіркелмеген алдын алу заттары.
2	жарнама мақсатында дәрігер рецепті бойынша жасалған дәрілік препараттар үлгілері.
3	Балаларды, олардың бейнелері мен дауыстарын дәрілік заттар жарнамасында пайдалану, дәрілік заттар мен балаларға арналған медициналық бұйымдардан басқа медициналық бұйымдар....

мүмкіндігі болса олар арзан бағаны тандар еді.

### смертельно опасные ЛЕКАРСТВА

и организованная преступность ПИТЕР ГЕТШЕ  
Как большая фарма коррумпировала здравоохранение



Книга – победитель Ежегодной книжной премии Британской медицинской ассоциации в категории «Основы медицины».

«... Дәрігерлер өте аңғал және оларды алдап-арбағандарын жиі түсінбейді. Көптеген дәрігерлер өнеркәсіп пайдалы ақпарат береді деп санайды. Шындық — ол көптеген зерттеулерде дәлелденген – олар дәрігерлердің **дұрыс ақпараттың**

**бұрмаланған ақпараттан айырмашылығын айыра алмайтынын көрсетеді...**» (Өте қауіпті дәрілер мен ұйымдастырылған қылмыс. Қалай үлкен фарма денсаулық сақтауды сыбайластырды. Питер Гетше. 2016 ж.)

Клиникалық тәжірибенің демеушілік етілген стандарттары

Емдеу стандарттарының авторларына демеушілік көрсету ұсыныстардың демеуші өнімі пайдасына шешілетіні мазасыздық тудырады.

Әр елдердің АҚШ ұлттық ақпарат орталығына енгізілген (**US National Guideline Clearing-house**) 200 емдеу стандарттарын зерттеу барысында төмендегі анықталды:

**Авторлардың үштен бірінің дәрілік заттар өндіретін компаниялармен қаражаттық байланыстары болған, ал стандарттарды дайындаған комиссияның үштен төрт бөлігі қызығушылықтар қақтығысы бар авторларды қосты.** (Taylor, 2005).

Мәселе тек ерекше өнімді қолдағаннан емес. Емдеу нормалары да зардап шегуі мүмкін. Емдеу өлшемдерінің өзгеруі көптеген миллион адамдар емделуге мұқтаж жандар санатына жататынын көрсетеді. Мысалы, Европалық Кардиология Қоғамының стандарттары Норвегия аймағына қолданылғанда, тұрғындардың төрттен үші «жоғарғы тәуекел» және «емделуге потенциалды мұқтаж» топқа жатқызылды. (Heath, 2006).

### **Көлеңкелі авторлар**

#### **Симпозиумдар мен басқа ғылыми кеңестер**

Конференцияларға баруды, индустрия демеушілік жасайтын түскі астарын, зерттеулерді қаражатпен қамтамасыз ету мен қаламақылар ондай төлем алмаған дәрігерлермен салыстырғанда дәрілік формулярларды кеңейтуге ұсыныстар ықтималдығын арттырады. Компаниялар сонымен бірге дипломнан кейін медициналық білім (ДКБ) (Lexchin, 1993), кәсіби конференциялар мен кәсіби журналдар алуға жұмсалатын қаражат бөледі (Smith, 2003).

#### **Тыйым салынады:**

♦ дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды белгілеуге құзырлы медицина қызметкерлерін тек Дәрілік заттарды және медициналық бұйымдар туралы ғылыми немесе білім алу, сонымен қатар пациенттерді хабардар етуден басқа айқын ақпараттар ұсына алатын жарнама таратушы ретінде ;

♦ жарнамада ғалымдар мен денсаулық-сақтау мамандары, сонымен қатар лауазымды тұлғалар мемлекеттік органдардың ұсыныстарына сілтеме жасау өзінің танымалдығымен дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың және медициналық техниканың қолданылуы мен тағайындалуы.

#### **Постмаркетингтік ғылыми зерттеулер, фармакологиялық қадағалау мен ақпараттың таралуы**

Тіркелген дәрілік препараттардың постмаркетингтік клиникалық зерттеулері олардың рационалды қолданылуында үлкен мағынаға ие. Сәйкес ұлттық денсаулық сақтау органдарын кез келген зерттеулерде хабардар етіп отыру ұсынылады; сәйкес ғылыми кеңестер мен этика мәселесі бойынша комитеттер ғылыми зерттеулер кезіндегі табылған айқын деректерді растауы қажет.

Мұндай зерттеулерде ұлттар арасындағы және аймақтық серіктестіктер арасында өте пайдалы.

Мұндай зерттеулер туралы негізделген

ақпарат қысқа мерзімде сәйкес ұлттық денсаулық сақтау органдарына берілуі қажет.

Постмаркетингтік ғылыми зерттеулер мен фармакологиялық қадағалау препараттың нарыққа шығуының бүркемелі түріне айналмауы керек.

Дәрілік препараттардың қолданылуына байланысты тәуекел туралы негізделген ақпарат бірінші кезекте сәйкес ұлттық денсаулық сақтау органдарына хабарлану және қысқа мерзімде халықаралық деңгейде таралуы қажет.

*ВОЗ Этикалық Өлшемдер қозғалған сұрақтар:*

- Дәрігерлер мен басқа денсаулық сақтау қызметкерлерінің жарнамасы;
- Қалың бұқара топтарына бағытталған барлық түрдегі жарнамалар;
- Медицина өкілдері;
- Тегін үлгілер;
- Симпозиумдар мен басқа ғылыми форумдар;
- Пост-маркетингтік ғылыми зерттеулер, ақпаратты қадағалау мен тарату;
- Орау мен таңбалау;
- Пациенттерге арналған ақпарат: қосымша парақтар, жарнама парақтары мен буклеттер;
- Экспортталатын дәрілерді жылжыту.

Денсаулық сақтау қызметкерінің алдында тұрған ең маңызды этикалық шақыру дәрілердің кәсіби тәжірибемен жылжуына әсер ету болып табылады.

Фармацевтикалық өнеркәсіп пен кәсіби денсаулық сақтау арасындағы өзара байланыстар күрделі. Ең дұрысы әсерге қызығушылықтар қақтығысынан және жылжуға қажетсіз байланыстардан қаша отырып; байланыстар мен қызығушылықтар қақтығысынан мен дәрілерді шығару мен тағайындауды жақсарту үшін жағымды стратегияларды өндеуден құтылу мүмкін болмаған жағдайда хабардарлық және ашықтықта өзінің осалдығын мойындау үшін аралас тәсілдерге негізделген стратегиялар қажет болады. Стратегиялар қандай болса да дәрігер үшін бірінші басымдылыққа ие негізгі мақсат пациентке медициналық көмек көрсетуге кепілдік беру болып табылады.

***Пациенттер аурудың клиникалық түріне, дәрілік заттың жеке дозалау режимі аясында, барабар кезеңде, олар үшін және олардың ойналасы үшін ең аз ем бағамен ем алады.»***

***(ВОЗ, Найроби, 1985)***

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталық  
ШЖҚ РМК «Денсаулық сақтауды дамыту орталығы»  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі




Дәрілік заттарды қолдану және олардың әсерлері бойынша дәлелді медицина принциптеріне негізделген шынайы ақпаратты ұсынады



Медициналық қызметкерлерді дәрілік заттарды ұтымды қолдану бойынша баспа ақпараттарымен, әдістемелік нұсқаулармен, анықтамалықтармен қамтамасыз етіп, жеке сұрақ - сауалдарға жауап береді



Формулярлық комиссияларға ақпараттық, әдістемелік көмек көрсетеді



осы және басқа сауалдарға  
**ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҰТЫМДЫ  
ПАЙДАЛАНУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ**  
мамандары жауап бере алады



ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТЕГІН

**8 800 080 88 87**

сауалдарыңызды [www.druginfo.kz](http://www.druginfo.kz) сайтына жолдаңыздар

#### МАТЕРИАЛ ДАЙЫНДАҒАҢДАР:

Жусупова Г.К., Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығының басшысы, клиникалық фармаколог, жоғары санатты дәрігер, MD

Есбатырова Л.М., ДЗҰПО Ұтымды фармакотерапия бөлімінің бастығы, клиникалық фармаколог, MD

Демеева Л.Ж., ДЗҰПО Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медицина техникасының қажеттілігін анықтау бөлімінің бас маманы

Кабдулина Р.С., ДЗҰПО Ұтымды фармакотерапия бөлімінің бас маманы, клиникалық фармаколог

### Назар аударыңыз!

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы жарнама берушілермен және дәрілік заттар өндірушілермен қызмет жасамайды.

Дәрілік бюллетень басып шығару және тарату Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігімен қаржыландырылады.

Бізбен байланыс:

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы

ҚР ДСМ «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК  
Астана қ-сы, Мәңгілік ел к-сі 8, 18В кіреберіс, 108 кабинет.

Тегін телефон желісі - **8 800 080 88 87**

ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ